

Қостанай қаласының жаңа шағын ауданына "Наурыз" атауын беру туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 1 қазандағы № 1 қаулысы және Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009 жылғы 1 қазандағы № 232 шешімі бірлескен. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 қарашада № 9-1-135 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 13-бабына сәйкес, қалалық ономастикалық комиссияның қорытындысын қарап, халықтың пікірін ескеріп, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай қалалық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қостанай қаласының Маяковский және Воинов Интернационалистов көшелері бойынша орналасқан жаңа шағын ауданына "Наурыз" атауы берілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай міндетін _____	қаласы Ю.	әкімінің атқарушы Махаринец	Сессия төрағасы, № 12 сайлау округі бойынша депутаты _____ С. Сотников Қостанай қалалық мәслихатының хатшысы _____ С. Төкенов
-------------------------------	------------------	-----------------------------------	---